

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың
Түркітілдес мемлекеттердің
ынтымақтастық кеңесінің
үшінші саммитінде
сөйлейтін сөзінің тезистері
Габала, 16 тамыз, 2013 жыл

Жоғары мәртебелі мемлекет басшылары! Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Сіздермен **Түркі кеңесінің үшінші саммитінде** жүздесіп отырғаныма қуаныштымын!

Бізді ыстық ықыласпен және қонақжайлылықпен қабылдағаны үшін Президент Ильхам Гейдар оғлы Әлиевке алғыс айтамын.

Бүгінде Түркі кеңесі аясы кеңейген танымал халықаралық ұйымға айналды.

Ұйым экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға елеулі үлес қосып келеді.

Өзара ынтымақтастық пен бірліктің артуы **«Түркі әлемі» атты ортақ брэндті** жер-жаһанға танытып отыр.

Мен енді Сіздермен Кеңес қызметінің бүгінгі мен болашағына қатысты ой бөліскім келеді.

Біріншіден, Түркі кеңесінің беделін арттыру үшін оның Ұйым ретіндегі **институционалдық негізін** қалыптастыруға бар күшімізді жұмсауымыз қажет.

Осыған қатысты кейбір маңызды құжаттарды ратификациялауды тезірек аяқтаған жөн.

Түркі кеңесінің негізгі жұмыс органы – **Хатшылықтың** қызметі біз үшін аса маңызды.

Бұл жұмыс Ұйымның тұңғыш **Бас хатшысы** Халил Ақынжы мырзаның еңбегі арқасында іске асуда.

Біз оның түркітілдес елдер арасында ынтымақтастық орнатудағы қызметін жоғары бағалаймыз.

Екіншіден, бауырлас халықтар мен көрші елдер арасындағы өзара тиімді **экономикалық ынтымақтастықты** нығайту қажет.

Бүгінгі тәуелсіз **6** түркітілдес мемлекеттің ортақ жалпы ішкі өнімі **1 триллион 150 миллиард долларға** жетіп отыр.

Осыған қарамастан, **елдер арасындағы сауда айналымы әлеуетімізге сай емес.**

Мәселен, 2012 жылғы деректер бойынша, Қазақстанның түркі тілдес елдермен сауда көлемі небәрі **8 миллиард доллар** болды.

Яғни, Қазақстанның жалпы сыртқы саудасында **5** түркі тілдес елдің жиынтық үлес салмағы **6 пайызға да жетпейді.**

Өткен жылдың аяғында **Қазақстан 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын** қабылдады.

Біз алдымызға 2050 жылға қарай әлемдегі **ең дамыған отыз елдің** қатарына қосылу мақсатын қойдық.

Елімізде Үдемелі индустрияландыру бағдарламасы бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

2010 жылдан бастап жалпы құны **14 миллиард** долларға шамалас **560-қа** жуық жоба іске қосылды.

Соның арқасында **60 мыңнан** астам жұмыс орны ашылды.

Біз өнеркәсіптік қуатты импорттауға, жаңа технология алмасуға баса мән беріп отырмыз.

Сондай-ақ, жаңа энергия көздерін пайдаланып, «жасыл экономиканы» орнықтыруға мүдделіміз.

Осы орайда Астанада өтетін **«ЭКСПО-2017»** халықаралық көрмесінің маңызы зор.

Бұл ауқымды шараға барлық түркі тілдес мемлекеттер белсене атсалысады деп сенемін.

Осы арқылы бәріміздің ортақ игілігіміз үшін маңызды бағыт – **Туризмнің** дамуына мүмкіндік туады.

Бұл салада тәжірибе алмасу, мамандарды бірлесе даярлау, ортақ саяхат бағдарын белгілеу керек.

Сол мақсатта Хатшылық аясында **Туризмді дамыту жөніндегі жұмыс тобын** құруды ұсынамын.

Үшіншіден, Түркі кеңесіне мүше елдер арасындағы коммуникацияны дамытуға көңіл бөлу қажет.

Көлік және коммуникациялар экономикалық қуатымызды дамытуға негіз болуға тиіс.

Бүгінгі басқосуымыздың осы тақырыпқа арналуы бекер емес.

Біз **2020** жылы Қазақстан арқылы **транзиттік тасымалдауды екі есе, 2050** жылға қарай **он есе** арттыруды көздеп отырмыз.

Келешекте ел аумағы арқылы жүк тасымалдауды жылына **50 миллион тоннаға** жеткізу жобалануда.

2011 жылы Ресей, Қытай және Германиямен бірігіп, Қытайдан Германияға Қазақстан арқылы өтетін **«Чунцин – Дуйсбург»** контейнерлік пойызын іске қостық.

Еуропаны біздің өңір арқылы Тынық мұхитпен жалғайтын жаңа әуе теңіз, автокөлік жолдарын, темір жолдар мен құбырлар салу жоспарда бар.

Қытаймен шекарадағы «шығыс қақпамыз» – **«Қорғас»** халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығы жұмыс істеуде.

Ал батысымызда **«Ақтау»** теңіз портын кеңейту жобасы мен **Ақтөбеде** логистикалық орталық құрылысы жүзеге асырылуда.

Бұл жобалар еліміздің Каспий өңіріне, одан әрі Ресей мен Еуропаға жол ашатын «батыс қақпасы» қызметін атқарады.

Келешекте Сары теңіздегі **Ляньюньгань** Қытай портында терминалдық инфрақұрылым салынады.

Біз Түркия, Әзербайжан және Қазақстан теңіз порттары арасында ынтымақтастықты дамыту арқылы Каспий теңізінің көліктік әлеуетін арттыру мүмкіндігіне ие болдық.

Осы орайда, көлік және коммуникация министрлерінің бірінші рет кездесу өткізуін құптаймыз.

2015 жылы Қазақстан арқылы өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансқұрлық автокөлік дәлізін ашуды жоспарлап отырмыз.

Биылғы жылғы мамыр айында **«Қазақстан – Түрікменстан – Иран»** теміржолының қазақ-түрікмен бөлігін ресми түрде түйістірдік.

Енді **«Баку – Тбилиси – Карс»** теміржолының тезірек іске қосылуын күтеміз.

ТРАСЕКА халықаралық көлік дәлізі аясындағы мультимодалды көлік контейнерлік пойызының жобасы да маңызды.

Өзара сауда айналымы мен көлік әлеуетін ілгерілету үшін **кеден саласындағы** қарым-қатынасты жандандыру қажет.

Ол үшін халықаралық стандарттар мен озық технологияларды тиімді пайдалану керек.

Төртіншіден, бауырлас халықтар арасындағы **білім, ғылым және мәдениет** саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажет.

Түркі әлемінің қанына сіңген төзімділік, имандылық, адамгершілік қасиеттерін кеңінен насихаттау керек.

ТҮРКСОЙ, Түркі Академиясы, Түркі мәдениеті және мұрасы қорының жұмысына белсене атсалысу керек.

Білім мен тәжірибе алмасу, түркологтарды бірлесе даярлау, түркі мұрасын зерделеуде Түркі академиясының мүмкіндігі зор.

Түркі кеңесінің Алматыда өткен бірінші саммитінің шешіміне сәйкес, **«Түркі дүниесі» альманағы** жыл сайын жарық көруде.

Академия дайындаған **«Түркілік тәрбие антологиясының»** маңыздылығы жоғары.

Биыл күзде Түркістан қаласында **«Қазіргі түркі әлемі: нақты ахуал және даму болашағы»** атты алғашқы халықаралық симпозиум өтеді.

Осы маңызды іс-шараға барлық түркітілдес елдер ғалымдарының белсене қатысуын қалаймыз.

Түркі халықтарының мәдениеті мен өнерін насихаттауда **ТҮРКСОЙ-дың** атқарар рөлі зор.

Біз биыл бұл ұйымның құрылғанына **20 жыл толуын** атап өтеміз.

**Қадірлі әріптестер!
Құрметті бауырлар!**

Бүгінгі басқосуда Ұйым төрағалығын қырғыз ағайындардан әзербайжан бауырларға тапсырып отырмыз.

Осы орайда, Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаевқа ризашылығымызды айтамыз.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке Кеңес қызметін дамыту жолында толағай табыс тілейміз.

Біздің елдеріміздің бірлігі бекем, тәуелсіздігі мәңгі болсын!

Баршаңызға бақ-береке тілеймін!

Түркі тілдестер түгел болайық!